

2015 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 05 мамырдағы N 282 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 маусымда N 5011 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" № 183 қаулысының 2- тармағына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" № 72 бұйрығына сәйкес Жаңақорған ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңақорған ауданы әкімі мәлімдеген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға қажеттілікті ескере отырып, Жаңақорған ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген мамандарға 2015 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңақорған ауданы мәслихатының
кезекті XXXXII сессиясының
төрағасы
Ә. Нәлібаев*

*Жаңақорған ауданы
мәслихатының хатшысы*

А. Налибаев